

қазақтардың он мыңнан астам жылжымалы үйі (киіз үйлер), үй жабдықтары, мүлкі, салт мінетін аттар, сиыр, түйе, қой туралы Рузбихан келтірген мәліметтерге қарағанда, олардың саны «санауға сан жетпейтін қисапсыз көп» [1] болып, оларды кейіннен бірнеше ай бойы тасуға тура келген, Мұның өзі қазақтардың экономикалық күш-қуаты едәуір мықты болғанын да, оларды толассыз соғыстар көп шығынға ұшыратып отырғанын да аңғартады.

Қорытынды

Фазлуллах ибн Рузбихан Исфханидің «Михман-наме-йи Бухара» еңбегі Орта Азия мен Қазақстан тарихының маңызды оқиғаларын баяндайтын ерекше дерек көзі болып табылады. Бұл шығарма XV ғасырдың ортасында жазылғанымен, оның мәні мен маңызы бүгінгі күнге дейін сақталуда. Еңбекте сол дәуірдегі Мәуереннах өлкесі мен Қазақ хандығының саяси, мәдени және экономикалық өмірі туралы құнды мәліметтер беріледі, сондай-ақ автордың өз заманындағы қоғамдық қатынастар мен ұлттар арасындағы байланыстар туралы пікірлері кеңінен қамтылған. «Михман-наме-йи Бухара» шығармасы Орталық Азияның тарихи картасын айқындап, Қазақстан мен оған жақын аймақтардағы сауда, дипломатиялық қатынастар мен мәдениетке қатысты бірқатар маңызды мәліметтерді ашып көрсетеді. Бұл еңбекте айтылған оқиғалар мен деректер қазақ халқының және оның көршілес мемлекеттермен байланыстарының маңызды аспектілерін зерттеуде үлкен роль атқарады. Фазлуллах ибн Рузбиханның сипаттаулары мен терең талдаулары тарихи оқиғаларды қазіргі кезеңдегі зерттеулер үшін бағалы ақпарат көзіне айналды.

Қорыта келгенде, «Михман-наме-йи Бухара» тек тарихи дерек қана емес, сондай-ақ ортағасырлық Орта Азияның мәдениеті мен қоғамдық өмірінің тұтастай көрінісі болып табылады. Оның маңызы осы аймақтағы түрлі халықтардың тарихи естеліктерін, дәстүрлерін және салт-дәстүрлерін түсінуде терең ықпал ететінін атап өту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфхани. Михман-наме-йи Бухара (Записки Бухарского гостя). – Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Под редакцией А.К. Арендса. – Москва: Наука, 1976. – 538 с.
- 2 Қазақтың тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2 том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 640 б.
- 3 Материалы по истории казахских ханств XV – XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений)Состовители: Ибрагимов С.К., Мингулов К.А., Пищулина К.А., Юдин В.П. Алма-Ата. – Наука. 1969. – 648 с.
- 4 Пищулина К.А. Юго-восточный Казахстан в сред. XIV-XVI вв. (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата: АН КазССР, 1977. – 287 с.
- 5 Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Под. Ред. Проф. Асфендиярова С.Д. и проф. Кунте П.А. – 2-е изд. – Алматы: Қазақстан. 1997. Сборник I: (V в. До н.э. – XVII в. н.э.). – 383 с.

САРЫОБА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНДЕГІ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Рысбек М

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Д.Т. Шашенов
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті
rysbekeirambek@icloud.com
Қарағанды қ.

Археологиялық кешен Ақмола облысының Жақсы ауданында Терісаққан ауылынан оңтүстікке қарай 6 км жерде, Терісаққан өзенінің Есілге құяр тұсында, биіктеу келген жазықта орналасқан. Кешенді 2006 жылы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің К.А. Ақышев атындағы Археология институтының мамандары ашып, алғашқы ғылыми сипаттамасын жасаған (Историко-культурное наследие..., 2008). Нысанды анықтауда Ақмола облысы Жақсы ауданы Запорожье орта мектебінің директоры, «NOMAD» археологиялық клубының жетекшісі Е. Байдусеновтың үлесі зор. Сарыоба археологиялық кешені ежелгі дәуірден бастап этнографиялық уақытқа дейінгі аралықтағы жерлеу және ғұрыптық құрылыс тардан тұрады. Ежелгі дәуір құрылыстарына кешеннің орта тұсындағы шартты түрде «Үлкен оба» атауы берілген нысан жатады. Бұл нысанның ең биік тұсы 3,85 м құрайды. Обаның жалпы диаметрі 100 м. Периметрі бойынша жалпақтығы 8-10 м, тереңдіктері 0,35-0,65 м болатын ормен қоршалған. Оба үйіндісі топырақтан. Оның төбесі жайпақтау және сол түстіктен оңтүстікке қарай көлбеулеу келген. Үйіндінің үстінде әр жерлерінен кішігірім тас құрылыстардың орны байқалады. Олар сыртқы пішіні бойынша ортағасырлық және этнографиялық уақыттың жерлеу орындарына сәйкес келеді. Жалпы саны 13 үйіндінің орны бар. Оларды шартты түрде 3 топқа және 1 жекелеген оба түрінде қарастыра аламыз. Кешен құрамындағы Үлкен обаға мерзімделік тұрғыда қатысы бар ғұрыптық нысандардың 2 түрі кездеседі: шеңбер – қоршау тәріздес және ұзыншалау – жал тәріздес формада. Бірінші түрдегі ғұрыптық нысандар Үлкен обадан солтүстікке қарай 100 м жерде батысшығыс бағыты бойынша

тізбектеле орналасқан. Жалпы саны – 7 дана. Оларды өзара екі топқа бөліп қарастыра аламыз: шығыс және батыс. Шығыс топ 2 ғұрыптық нысаннан тұрса, батыс топқа 5 ғұрыптық нысан кіреді. Екі топ арасындағы қашықтық 180 м-ді құрайды. Бұл нысандардың диаметрі 24-30 м, биіктігі жер бедерімен бірдей [2, 2 б].

Археологиялық жұмыстар 2022 жылы басталынған болаты, ол жердегі қазба жұмыстар үш жылға созылып 2024 жылы аяқталған.

Жұмыстың методологиясы мен зерттеу әдістері.

Зерттеуде тарихилық және тарихи-археологиялық зерттеулердегі дәстүрлі әдістер қолданылды. Еңбектің методологиялық негізін жалпы ғылымилық принциптер мен тарихи-салыстырмалы әдістер құрады. Бұл әдістерді кешенді түрде пайдалану барысында кеңестік кезеңдегі зерттеулер мен тәуелсіздік алғаннан кейінгі ізденістер арасындағы ескерткіштер жүйеленіп, салыстырулар жасалды. Кеңестік кезеңдегі мемлекет тарапынан қатаң жүргізілген идеологиялық тәртіп аясында тек қана көне заманның нысандарын зерттеп, еуроцентристік көзқарастар тұрғысында жазылды. Ал, тәуелсіздік жылдары көне заманның ескерткіштері ғана емес, кейінгі қазақ тарихына қатысты этнографиялық кезеңнің материалдары да қарастырыла бастады. Хронологиялық мәселелерді шешуде мерзімдеу әдістері қолданылды. Осы әдіс барысында ежелгі дәуір мен кейінгі қазақ дәуірінің тұрмыстық және дүниетанымдық көзқарасынан тың ақпараттар беретін қоныстар мен жерлеу ескерткіштерінің мыңдаған жылдар үзілмей келе жатқан шаруашылық түрлерінің барлығы мал шаруашылығына негізделгендігін бағалауға тырыстық.

Қазақ этноархеологиясының іргетасы саналатын ескерткіштер барлау барысында табылғаннан кейін топтау, жүйелеу және оларды түрлеріне қарай типке бөлу жұмыстарын іске асыру мақсатында жүйелілік пен типтік әдістерге жүгіндік. Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, жоғарыда аталған әдістердің жиынтығы ретінде ескерткіштердің типологиясы мен хронологиясын анықтауда салыстырмалы-статистикалық талдау жүйесі қолданылды. Бұл өз кезегінде жұмыстың сандық қорытындысын шығаруға мүмкіндік береді [3,3 б].

Нысандар әуеден айқын көрінеді, ал жер бетінде тек шөп жамылғысының ерекшелігі арқылы ғана байқалады. Нысандардың орта тұсы бос, яғни арнайы алаңша болған. Кейбір нысандардың оңтүстік бөлігінде дәліз тәріздес іздер байқалады. Ғұрыптық нысандардың өзара қашықтығы 18-22 м арасында. Екінші түрдегі ғұрыптық нысандардың жалпы саны – 2 дана. Біріншісі Үлкен обаның солтүстік-шығысында 100 м жерде тұр. Батысшығыс бағыты бойынша салынған. Топырақ үйінділі, тікбұрышты формада. Ұзындығы 115 м, ені 23 м. Биіктігі 0,45 м. Екіншісі Үлкен обадан оңтүстік-батысқа қарай 180 м жерде орналасқан. Оңтүстік-сол түстік бағытта жатыр. Топырақ үйінділі, тік бұрышты формада. Ұзындығы 90 м, ені 32 м, биіктігі 0,45 м. Ғұрыптық нысан апатты жағдайда. Үлкен обадан ООШ қарай 50 м жерде 10-ға жуық этнографиялық уақыттың жерлеу орындары орналасқан. Барлық құрылыстар ООШ бағытта жатыр. Ең үлкен тас құрылыстың ұзындығы 10 м, ені 6 м, қабырғасының биіктігі 0,25 м, жалпақтығы 0,9-1,0 м [2,3 б].



1-сурет. Сарыоба археологиялық кешенінің жалпы көрінісі

Сарыоба археологиялық кешеніндегі ғылыми зерттеу жұмыстары геофизикалық зерттеулерден басталды. Аталған жұмыстар жүргізу үшін Ыс тамбұл университетінің Геофизика бөлімінің ғылыми қызметкері Ф.А. Юксел мен «Rumeli zemin ve inşaat mhendislik san. ve tic. Ltd. Şti» мекемесінің геофизик-инженер (жетекшісі: Сердар Танк) мамандары жүргізді. Бұл зерттеу жұмыстары барысында GEOMETRICS G858G мен MALA бренді Ramac Model X3M GPR құрылғылары қолданылды.

Кешен құрамындағы нысандар қатты зақымдалған. Әсіресе, кешеннің оңтүстік бөлігіндегі. Бұл зақымдаулар екі себептен болып отыр. Алғашқысы кешен орналасқан аумақты жақын жердегі елді-мекендердің құрылыс және шаруашылық қалдықтарын төтуге арналған қоқыс алаңына айналдырған. Соның кесірінен Үлкен обаның оңтүстік бөлігіндегі кейбір нысандар көміліп те қалуы мүмкін. Келесі кезектіге себепке ауылшаруашылық жұмыстарын айта аламыз. Соның зардабынан, әсіресе егістік алқабының жақын жерде болуынан кешеннің оңтүстігіндегі ғұрыптық құрылыстың беткі бөлігі жыртылып кетуде. Бұл процесс жыл сайын қайталанатындықтан аталған ғұрыптық құрылыстың жойылып кету ықтималдығы өте жоғары [2,4 б].

Археологиялық қазба жұмыстары. Үлкен үйіндіде жүргізілген қазба жұмыстарын екі кезеңді қамтыды. Бірінші кезеңде үйіндінің үстіндегі жерлеу орындарын зерттеумен байланысты. Жалпы саны 13 жерлеу орнында қазба жұмыстары атқарылды. Зерттелген жерлеу нысандарының басым бөлігі этнографиялық уақытпен мерзімделеді. Оған бір жағынан жерлеу орындарының сыртқы ерекшеліктері дәлел болса, екінші жағынан радиокөміртегілік сараптама да қазақ уақытын көрсетіп отыр. Зерттелген 13 нысанның тек біреуі ғана, яғни солтүстік-шығыс сектордағы тастан қалған төртбұрышты құрылысты ертерек уақытпен мерзімдеуге негіз бар. Мұндай тас құрылыстар Орталық Қазақстан жерінде орта ғасырларда кең тараған. Әсіресе қыпшақ уақытында. Оған қосымша 2006 жылы Үлкен обаның орынан жартылай сынған тас мүсіннің жоғары бөлігі табылды [2,5 б].

Аталған тас мүсін ұзақ жылдар бойы К.А. Ақышев атындағы Археология институтының зертханасында сақталып, кейінгі жылдары ғана «Бозоқ» тарихи-мәдени музей-қорығының қорына өткізілген. Аталған тас мүсінге қатысты арнайы мақала әзірленіп, баспаға ұсынылды. Обаның орталық бөлігінде орналасқан №13 жерлеу орнынан екі сақина табылды. Қоладан жасалған. Сақталуы орташа. Коррозияға ұшыраған. Дөңгелек пішінді №1 сақинаның диаметрі 2,1 см, жалпақтығы 0,5 см, қалыңдығы 0,1 см. Сақинаның ішкі жағы тегістеу, ал сыртқы жағында айнала салынған екі жолақты сызық бар. Сызықтардың кейбір бөлігі өшіріңкіреген. Бір жерінен жүзік тасын бекіткен орынның ізі көрінеді. Жүзік тасы жерлеу орнының басқа жерінен табылды. Сопақшалы пішінді. №2 сақина дөңгелек-сопақшалы пішінді, өлшемдері 2,2x2,0 см. Жалпақтығы 0,3 см, қалыңдығы 0,1 см. Қола сақинада жүзік тасын орнатқан бөлігі бар. Дөңгелек пішінді. Диаметрі 1,5 см. Екінші кезеңдегі зерттеу жұмыстары үйінді құрылымын мен оның табанын зерттеумен байланысты болды. Қазба жұмыстары барысында обаның орталық бөлігіне солтүстік-оңтүстік бағыты бойынша жалпақтығы 3,5 м, ұзындығы 108 м қазба салынды. Сондай-ақ, батыс-шығыс бағытында обаның орталық бөлігіне дейін де қосымша қазба салынды. Қазбаның ұзындығы 56 м, жалпақтығы 3,5 м. Обаның оңтүстік-шығыс секторының шым қабаты толықтай ашылып, жер бетіндегі көрінген жерлеу құрылыстарына қазба салынды. Обаның солтүстік-шығыс секторда қазба жұмыстары тек жер бетінде көрініп тұрған нысандарда жүргізілді [2,6 б].

Материалы мен әдістер. Далалық ғылыми зерттеу жұмыстары кезінде археологиялық қазба атқарылды. Археологиялық қазба Сарыоба археологиялық кешенінің орталық бөлігін қамтитын, шартты түрде «Үлкен оба» атауы берілген нысан үйіндісінің солтүстік-шығыс тарапында жүргізілді. Жалпы қазба алаңы 158 ш.м. құрады. Зерттеу жұмыстары кезінде алдымен шым қабаты алынды. Одан кейінгі жер қыртысы сатылы ашу әдісімен қазылды.



Сурет 2. Сарыоба археологиялық кешенінің орнасқан жері

Археологиялық қазба жұмыстарының барлық сатысы тиісті деңгейде құжатталып отыр. Яғни, «дәстүрлі» сызба жұмыстары мен қатар цифрлы құжаттау жұмыстары да қоса жүргізілді. Бұл жұмыстар үшін цифрлы фотоаппарат пайдаланылды. Сонымен қатар, далалық зерттеу жұмыстары кезінде ұшқыссыз ұшу аппараты қолданылды. Археологиялық кешен орналасқан аумақтың ортофото жоспары мен нысандардың үш кескінді бейнелері жасалды. Бұл жұмыстар DronDeploy бағдарламасында жүргізілді [1,4 б].

Қорытынды.

Сарыоба археологиялық кешеніндегі жұмыстар үш жылға созылып ол жердегі тек сол оба емес жанныңдағы да обалар оз орындарың тапқан болатын Сарыоба кешені арқылы біз басқада обалардың сақталуың олардың техникадан зақымдану немесе жылдық табиғи апат кесірінен зардап шекпей тұрғанда ол жерде көңіл бөлінді.

Солтүстік Сарыарқаның ортағасырлық ескерткіштері бойынша, әсіресе көне түркі мен қимақ-қыпшақ уақытының бойынша археологиялық деректердің тапшылығына байланысты ескерткіштерді іздеу, тіркеу мен зерттеу, әсіресе тас мүсіндер туралы ақпаратты жинақтау мен жариялау ісіне басымдық беру керек екені аңғарылып отыр. Сарыоба археологиялық кешеніндегі зерттеу жұмыстары толығымен аяқталмағандықтан алдағы уақытта басқа да маңызды археологиялық деректер шығуы ықтимал. Қазіргі таңда Сарыоба археологиялық кешенінде зерттелген қыпшақ ғибадатханасын кең хронологиялық ауқымда, яғни IX-XIII ғғ. мерзімдеуге болады.

Терісаққан-Есіл алқабында орналасқан археологиялық ескерткіштердің көптеп табылуы аймақтың көне заманда да, кейінгі уақытта да тұрғындарға қолайлы болғандығын көрсетеді. Бұған қоныстық және жерлеу ескерткіштерінің де бір жерде орналасуын айта кету қажет. Аумағы шағын аймақтан 70-тен астам әртүрлі кезеңге жататын ескерткіштің табылуы аймақтың болашақта зерттеу тұрғысынан перспективалы аудан ретінде қарауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Е. Қасенәлі, А.Д. Касенова, САРЫОБА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕГІ ҚЫПШАҚ УАҚЫТЫНЫҢ ҒИБАДАТХАНАСЫ // Астана халықаралық университеті. -Астана, Қазақстан, 12 б.
2. С. Есен, САРЫОБА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІНДЕГІ 2022 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ // Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Қазақстан. - Астана, 12 бет
3. Данияр Б. Айбар, Е. Айсулу Қ, Терісаққан-Есіл өзендері алқабындағы ескерткіштерге жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері // А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты. - Астана, Қазақстан, 22 бет

ТАЛДЫ 2 ҚОРЫМЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

Талғатбек А.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Шашенов Д.Т.

Академик.Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті

azhar.talgatbek00@mail.ru

Қарағанды қ.

Қазақстан аумағы ежелден бері тарихи-мәдени мұраларға бай аймақ. Әртүрлі кезеңдердің археологиялық ескерткіштері мен этнологиялық деректерін зерттеу қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бүгінде археологиялық және этнологиялық зерттеулердің маңызы артып, оларды сақтау мен жүйелі түрде зерттеу ауқымды болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстан тарихы мен мәдениетін зерттеу саласында «Талды-2» археологиялық кешені үлкен маңызға ие. Бұл кешен еліміздің тарихи-мәдени мұрасын байытуға және ежелгі сақ дәуірінің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Археологиялық табыстар ұлттық тарихымызға деген қызығушылықты арттырып, қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Айрықша айта кететін болсақ «Талды-2» қорымын зерттеудегі ең құнды археологиялық жаңалықтардың бірі Алтын адам табылуы, бұл олжа еліміздің территориясындағы сақ мәдениетінің деңгейін, әлеуметтік құрылымын және рухани құндылықтарын зерттеуге жаңа ғылыми мүмкіндік береді.

Кең байтақ Қазақ жерінің бір бөлігі Сарыарқа. Қазақстанның ұлан ғайыр жерін алып жатыр. Төрт құбылысын желге беріп керіле созылып жатқан ұлы тарихтың үнін сақтаған кең дала. Арқадай кең көсіліп жатқан сары даланың, Қарағанды облысынан 300 шақырым жерде, Қарқаралы ауданынан 44 шақырым, Қ.Аманжолов атындағы ауылдың маңында Кент тауының етегінде Ә.Марғұлан атындағы археология институтының ғылыми қызметкері А.Бейсеновтің жетекшілігімен «Мәдени мұра аймақтық бағдарламасы» аясында 2010 жылы «Талды-2» зерттеу жұмыстарын жүргізді. Ерте темір немесе сақ дәуіріндегі құпияларын